

"Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 29 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 5 сәуірдегі № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 23 сәуірде № 8430 тіркелді

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 2-тармағына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 29 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7444 тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы № 269-273 (27347) «Егемен Қазақстан» газетінде ж а р и я л а н ғ а н) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариустардың үй-жайы талаптарында:

5-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Нотариустың үй-жайы орналасқан ғимарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.».

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы Б.Ш. Ә б і ш е в к е ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев